



1934 жылы Ақмоладан 7-сыныпты бітіріп, әншілікке оқимын деп Алматыға келдім.

Комиссияда біраз адам отыр. «Баянауылды» айттым. Қобалжып тұрып дұрыс айтпауым да мүмкін, білмеймін.

– Тым жассың, алмаймыз, – деді бір адам. Мен жылап жібердім.

– Жылама, қарағым, аламыз, аламыз, – деді біреу. Ол – Ахмет Жұбанов екен. Сол комиссияда халқымыздың ардақты, ұлы әншісі Күләш апамыз да болды.

Бірінші рөлім – Қыз Жібек.

Күләш кең адам еді ғой, өнерде қысу, қызғану деген болмайтын. Ол мені өмір бойы «Кішкентайым» деп атайтын.

Бірде Қыз Жібектің репетициясында ол кісі кейінгі жаққа келіп тыңдап отырған екен. Репетициядан кейін маған: Кішкентай, бері келші, сенің сөйлегендегі үнің кейінгі жаққа тіпті жетпейді екен, қаттырақ сөйле деді.

– Қалай сөйлеймін енді, даусым жетпейді ғой, – дедім.

– Сен ең соңғы қатарда, құлағы мүкістеу кәрі адам отыр деп есіңе ұсташы, – деп кеңес берді.

Осы кеңес қатты көмектесті, кейін Қыз Жібек естіріп сөйлейтін болды.

Күләш таза аналық, апалық үлкендігін үнемі көрсетіп жүретін. Қазақшылықпен соғым сойғанда да: Балалар, келіп, бүйректеріңді жеп кетіндер, – деп айтатын.

1943 жылы Ташкентте Қазақстанның онкүндігі өтті. Ол кезде менің театрда істегеніме екі-ақ жыл. Сол концертте екі ән айттым. Жұрт қайта-қайта шақырып жатыр, ал менің басқа айтарым жоқ. Сол кезде Ахмет Жұбанов ағай:

– Хамидидің «Қазақ вальсін» неге айтпайсың? – деді.

– Оны Күлекеңге жазып қойыпты, қалай айтам, – дедім қысылып.

– Айт, айт, жауабын өзім беремін, – деді Ахаң.

– Концерттен кейін Күлекеңе келіп:

– Мені кешіріңіз, «Қазақ вальсін» айтып қойдым, – дедім.

– Оның несіне қысыласың, дұрыс болды айтқаның, өте жақсы болды, айта бер, – деді жайбарақат.

Әлде қалай бір концерттерде мен жоқ болсам, Күлекең: «Кішкентай да айтады, оны да кірістіріндер», – деп жаздырып жүретін.

1949 жылы Мәскеуде Қазақстанның онкүндігі өтті. Соған да бірге қатыстық. Сол кезде де қонақүйде шақырып алып, халдерің қалай, не айтасындар, не дайындап жатырсындар? – деп үнемі сұрап отырды.

Біздің адам болып келе жатқан кезіміз қиын, тұрмыстың тапшы кезі еді ғой. Концерттік киімдер санаулы-ақ болатын. Күлекеңнің өзінде екі-ақ көйлек бар еді.

Соның бірін бір концертке киюге маған берді. Сол концертке Рахима Мұсабекова да қатысты. «Не істеймін, концертке жазып қойыпты, көлегім жоқ, – деп ол маған келді.

– Маған Күлекең бір көйлектін беріп еді, соны кезектесіп кие берейік, екеуіміз екі бөлімде шығамыз, – дедім. Бұл сол уақыттағы тұрмыстың жағдайын да көрсетеді. Әрі біздің татулығымыздың да, сыйластығымыздың да бір көрінісі.

– Әрбір жаңа рөлді сахнаға шығарарда: «Қалеке, ойнымды көріп, сын айтып кетіңізші, – деп Қалибек Қуанышбаев ағайды шақыратын. Сонда ол кісі ешқашан Күлекеңнің сөзін жерге тастамайды. Және ол кісінің айтқанын Күлекең үнемі ескеріп, қаперінде ұстайтын.

*С. Латиева. Бұлбұл: өмірбаяндық повесть-эссе. –  
«Ана тілі» баспасы, 2010. – 187-189 б.*